

Педагогикалық әдеп жоспары 2023-2024 ж



Мақсаты: педагогтердің кәсіби әдебін жетілдіру, ұжымдағы жағымды, психологиялық ахуалды қалыптастыру, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен мәдениетті қарым-қатынасты нығайту.

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауапты
1	Кеңестің жұмыс жоспарын бекіту, әдеп кеңесінің құрамын жаңарту, жас мамандарға бейімдеу семинары, «Заманауи педагог әдебі» тренингі	Қыркүйек	Кеңес мүшелері
2	Педагог пен ата-ана арасындағы тиімді коммуникация, жанжалдың алдын алу, дөңгелек үстел және тәжірибе алмасу	Қараша	Кеңес мүшелері
3	Қызметтік әдептің сақталуына мониторинг, әлеуметтік желідегі жауапкершілік, кәсіби имидж туралы баяндама	Ақпан	Кеңес мүшелері
4	Жас мамандармен жұмыстың қорытындысы, педагогикалық этика бойынша талдау, келесі жылға ұсыныстар	Мамыр	Кеңес мүшелері

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: 20.09.2023 ж.

Қатысқандар: 6

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әдеп кеңесінің 2023 __–2024 __ оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. Әдеп кеңесінің құрамын жаңарту туралы.
3. Жас мамандарды бейімдеу бойынша семинар ұйымдастыру.
4. «Заманауи педагогтың кәсіби әдебі» тақырыбындағы тренинг өткізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша кеңес төрағасы Әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын таныстырып, негізгі бағыттар мен іс-шараларға тоқталды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Әдеп кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспардағы іс-шаралардың уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін.

2-мәселе бойынша кеңес мүшелері Әдеп кеңесінің құрамын жаңарту қажеттілігі туралы пікір білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Кеңес құрамына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Жаңартылған құрам ұйым басшысының бұйрығымен рәсімделсін.

3-мәселе бойынша жас мамандарды қолдау және кәсіби ортаға бейімдеу мақсатында семинар өткізу ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жас мамандарға арналған бейімдеу семинары ұйымдастырылсын.
2. Семинар бағдарламасы мен өткізу мерзімі бекітілсін.
3. Жауапты тұлғалар анықталсын.

4-мәселе бойынша «Заманауи педагогтың кәсіби әдебі» тақырыбындағы тренингтің мазмұны мен маңыздылығы қарастырылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтердің кәсіби этика мәдениетін арттыру мақсатында тренинг өткізілсін.
2. Тренинг қорытындысы бойынша қатысушыларға әдістемелік ұсынымдар берілсін.

Кеңес төрағасы: Бисенова А.К.

Хатшы :Бектұрынова Н.А.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.

Хаттама №2

Тақырыбы: «Педагог пен ата-ана арасындағы тиімді коммуникация – жанжалдың алдын алу»

(Дөңгелек үстел және тәжірибе алмасу)

Өткізілген күні: 17.11.2023ж

Қатысқандар: 15 педагогтер, ата-аналар

Мақсаты:

Педагог пен ата-ана арасындағы өзара түсіністік пен сенімді қарым-қатынасты нығайту, тиімді коммуникация тәсілдерін талқылау, жанжалдардың алдын алу жолдарын қарастыру және тәжірибе алмасу.

Күн тәртібі:

Педагог пен ата-ана арасындағы тиімді қарым-қатынастың маңызы.

Жанжалдың туындау себептері және олардың алдын алу жолдары.

Тәжірибе алмасу, пікірталас.

Ұсыныстар қабылдау.

Тыңдалды:

Тәрбиеші сөз сөйлеп, педагог пен ата-ана арасындағы ашық, сыйластыққа негізделген қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі маңызын атап өтті. Тиімді коммуникацияның негізгі қағидалары ретінде өзара құрмет, белсенді тыңдау, дұрыс кері байланыс беру және мәселелерді бірлесіп шешу жолдары түсіндірілді.

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту бойынша ұсыныстарын айтты. Қатысушылар жанжалдардың алдын алу үшін уақытылы ақпарат алмасу, түсіністік таныту және ынтымақтастықты күшейту қажеттігін талқылады.

Шешім қабылданды:

Педагогтер мен ата-аналар арасында тұрақты әрі ашық байланыс орнатылсын.

Баланың дамуы мен тәрбиесіне қатысты мәселелер бірлесіп талқылансын.

Жанжал туындаған жағдайда оны өзара құрмет пен түсіністік негізінде шешу жолдары қолданылсын.

Ата-аналар мен педагогтердің тәжірибе алмасу кездесулері жүйелі түрде өткізіліп тұрсын. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

Кеңес төрағасы: Бисенова А.К.

Хатшы :Бектұрсынова Н.А.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.
ХАТТАМА №3

Өткізілген күні: 27.03.2024 жыл
Қатысқандар саны: 6 адам

Күн тәртібі

1. Қызметтік әдептің сақталуына мониторинг жүргізу туралы.
2. Әлеуметтік желілердегі жауапкершілік мәселелері туралы.
3. Қызметкерлердің кәсіби имиджін қалыптастыру және нығайту туралы.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша _____ сөз сөйлеп, қызметтік әдеп талаптарын сақтау, әлеуметтік желілерде жарияланатын ақпаратқа жауапкершілікпен қарау және ұйымның оң имиджін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, қызметкерлер арасында қызметтік әдеп нормаларын түсіндіру жұмыстарын күшейту, әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға тұрақты мониторинг жүргізу және кәсіби мәдениетті арттыру бойынша ұсыныстар айтылды.

Сөйлегендер

- Шынғалиева Г.Х.
- Аманғалиева Б.А.
- Даулетова Б.Т.

Қатысушылар қызметтік әдеп талаптарын сақтау және әлеуметтік желілердегі жауапкершілікті арттыру бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

Қаулы етілді

1. Қызметтік әдеп талаптарының сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу камтамасыз етілсін.
2. Қызметкерлерге әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде әдеп нормаларын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Ұйымның оң кәсіби имиджін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленсін.
4. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау А.К.Бисеноваға жүктелсін.

Кеңес төрағасы: Бисенова А.К.
Хатшы :Бектұрсынова Н.А.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы.

ХАТТАМА №4

Күні: 14.05.2024ж

Тақырыбы: Жас мамандармен жұмыстың қорытындысы. Педагогикалық эстетика бойынша талдау және келесі оқу жылына ұсыныстар.

Қатысқандар:6

Тыңдалды:6

Әдіскер Н.А.Бектұрсынова жас мамандармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысын баяндады. Оқу жылы барысында жас педагогтарға әдістемелік көмек көрсетіліп, ашық оқу қызметтері, шеберлік сағаттары, консультациялар мен тәжірибе алмасу шаралары ұйымдастырылды.

Педагогикалық эстетика бағыты бойынша жүргізілген бақылау нәтижесінде жас мамандардың жұмыс орнын ұйымдастыруы, құжаттарды рәсімдеуі, сөйлеу мәдениеті, балалармен қарым-қатынасы және топ бөлмесінің эстетикалық безендірілуі талданды.

Талдау нәтижесі:

Жас мамандардың кәсіби құзыреттілігі артты;

Оқу қызметтерін жоспарлау мен ұйымдастыру сапасы жақсарды;

Топтардың эстетикалық безендірілуінде оң өзгерістер байқалды;

Балалармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп сақталды;

Кейбір педагогтарға сөйлеу мәдениетін жетілдіру және көрнекіліктерді эстетикалық талаптарға сай рәсімдеу бойынша қосымша көмек қажет.

Ұсыныстар:

Жас мамандарға тәлімгерлік жұмысын жалғастыру.

Педагогикалық эстетика бойынша семинар-практикумдар өткізу.

Сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған тренингтер ұйымдастыру.

Топ бөлмелерін заманауи талаптарға сай эстетикалық безендіру жұмыстарын жетілдіру.

Ашық оқу қызметтері мен тәжірибе алмасу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Әр жас маманның кәсіби өсу картасын жасап, мониторинг жүргізу.

Қаулы:

Жас мамандармен жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

Педагогикалық эстетика бойынша анықталған кемшіліктерді жою жұмыстары келесі оқу жылында жалғастырылсын.

Ұсыныстар негізінде 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленсін.

Кеңес төрағасы: Бисенова А.К.
Хатшы :Бектұрсынова Н.А.